

## Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйені пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 357 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 мамырда № 22702 болып тіркелді

"Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-бабының 6-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйені пайдалану қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Әділет министри

M. Бекетаев

Келісілді

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

---

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2021 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 357 Бұйрықка  
1-қосымша

## Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйені пайдалану қағидалары

### 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Осы бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйені пайдалану қағидалары (бұдан әрі - қағидалар) "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-1 - бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйені (бұдан әрі мәтін бойынша - БНАЖ) пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұфымдар:

1) қол жеткізу – БНАЖ-да есептік жазбаны құру жөніндегі іс-шаралар;

2) БНАЖ пайдалануши – БНАЖ жүйесінде нақты функцияларды орындау үшін тіркелген Қазақстан Республикасының нотариустары, аумақтық әділет органдардың, нотариаттық палаталардың және Республикалық нотариаттық палатаның қызметкерлері;

3) есепке алу жазбасы – БНАЖ пайдалануши туралы ақпарат: пайдаланушиның аты, БНАЖ-мен жұмыс істеу кезінде ресурстарға қол жеткізу құқығы;

4) электрондық - цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

## **2- тарау. БНАЖ пайдалану тәртібі**

3. БНАЖ-да жұмыс істеу үшін пайдаланушиға жеке тұлғаның ЭЦҚ-сы болуы қажет

4. Пайдалануши БНАЖ-ға қол жеткізу үшін аумақтық нотариаттық палатаға өтініш жазуы қажет. кейін АНП қызметкери БНАЖ-да есептік жазба жасайды.

5. БНАЖ-ға қол жеткізуді тоқтату үшін негіздер:

1) нотариус аумақтық нотариаттық палатаның мүшелігінен шықса немесе шыгарылса не оның лицензиясының күші тоқтатылса;

2) аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның және Республикалық нотариаттық палатаның қызметкерін жұмыстан босату.

6. Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген негіздер бойынша БНАЖ-ға қол жеткізуді тоқтату үшін пайдаланушиға растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтініш жіберуге болады. Өтініш негізінде АНП қызметкери пайдаланушиның есептік жазбасын бұғаттайды.

7. Тіркеу процесінің нәтижесі БНАЖ деректер базасында БНАЖ пайдаланушиның есептік жазбасын қалыптастыру болып табылады.

8. Жүйеде сәйкестендіру үшін БНАЖ пайдалануши ЭЦҚ пайдалану қажет.

9. ЭЦҚ-ны үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді.

10. БНАЖ пайдаланушисына:

1) басқаның есепке алу жазбасымен және ЭЦҚ-мен жұмыс істеуге;

2) басқа әкімшілерген және БНАЖ пайдаланушыларына ЭЦҚ паролін хабарлауға;

3) ЭЦҚ-дан парольді қағазға, файлға, электрондық жазба кітапшасына және басқа да ақпарат тасығыштарға, оның ішінде заттарға жазуға;

4) жұмыс орнынан кеткенде БНАЖ жүйесін бұғатталмаған күйде қалдыруға рұқсат етілмейді.

11. БНАЖ пайдаланушисы ЭЦҚ пайдалану кезінде келесі талаптарды басшылыққа алады:

1) ЭЦҚ-ны басқа тұлғаларға бермеуге және сактамауға;

2) ЭЦК-ның пароль жоғалған/жария етілген жағдайда, ЭЦК-ны "Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруышы орталығының, мемлекеттік органдардың куәландыруышы орталығының және Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруышы орталығының тіркеу қүлтінде беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушысының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 727 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 қазанда № 12181 болып тіркелді) қайтарып алу қажет;

3) ЭЦК құпия сөзінің құпиялышын және сақталуын қамтамасыз сту.

12. ЭЦК алған күннен бастап құнтізбелік жыл өткен соң БНАЖ пайдалануышы жаңа ЭЦК қайта шығару қажет, олай болмаған жағдайда есептік жазба жүйемен автоматты түрде бұғатталады.